- Бұл электр аспап тұрмыстық жағдайларда әзірлеуге арналған көпфункционалды құрылғы болып табылады және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде немесе өнеркәсіптік емес пайдаланудың басқа жағдайларында қолданыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген басқа мақсатсыз пайдалану бұйымды дұрыс пайдалану шарттарын бұзу болып табылады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.
- Құрылғыны электр желіге қосудың алдында оның кернеуі аспап қоректенуінің номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамасын немесе зауыттық кестешесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз — параметрлердің сәйкес келмеуі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты тек жерлендірілген розеткаға қосыңыз — бұл тоқ соғуға қарсы қорғаныстың міндетті талабы. Ұзартқышты пайдаланылғанда ол да жерлендірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты пайдаланған соң, сонымен қатар оны тазалау немесе жылжыту кезінде розеткадан ажыратыңыз. Электр бауды сымынан ұстамай, ашасынан құрғақ қолмен ұстап шығарыңыз.

- Электр қоректену бауын есіктен немесе жылу көздерінің қасында жүргізбеңіз. Электр бауы бұралмауын және бүгілмеуін, өткір заттарға, жиһаздың бұрыштары мен шеттеріне тимеуін байқаңыз.

STOP

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Электр қуат беру сымына зақым келген кезде қауіптілікті болдырмау үшін оны әзірлеуші немесе оның агенті, немесе осыған ұқсас білікті тұлға ауыстыруы керек.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз.
- Пышақ пен жүздерді тазалағанда мұқият болыңыз — олар өте өткір.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады — құрылғы корпусының ішіне ылғал немесе бөтен заттар тисе, қатты зақымдар болуы мүмкін.

STOP

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Құралдың айналып тұрған бөлшектеріне қол тигізбеңіз! Айналуы толық тоқтағанын күтіңіз. Өнім беруге арналған қуысқа бөгде заттарды салмаңыз. Қолдану кезінде мұқият болыңыз.

- Құралдың сынуын немесе жарақатты болдырмау үшін бөгде заттар немесе қолмен жүктеу қуысына тығындамаңыз. Ол үшін жиынтық ішіне кіретін итергішті қолданыңыз.
- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.

STOP

**Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

- Бұйым қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғалардың байқауында болмаған балалардың, тиісті біліктілік пен тәжірибесі жоқ, сонымен қатар физикалық, сенсорлық, ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдардың

пайдалануына арналмаған. Балаларды қосылып тұрған аспаптың қасында қараусыз қалдырмаңыз.

- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспапты кез келген ақау болғанда пайдалануға тыйым салынады.

## Техникалық сипаттамалары

### Жалпы

|                                                      |                     |
|------------------------------------------------------|---------------------|
| Үлгі .....                                           | FM615               |
| Кернеу .....                                         | 220–240 В, 50/60 Гц |
| Номиналды қуаты .....                                | 1200 Вт             |
| Максималды қуаты .....                               | 1800 Вт             |
| Электр тоғына ұшыраудан қорғаныс .....               | I дәреже            |
| Қызып кетуден сақтау .....                           | бар                 |
| Асқын жүктеуден қорғаныс жүйесі .....                | бар                 |
| Қате құрастырған жағдайда қосылудан қорғаныс .....   | бар                 |
| Бірқалыпты қозғалтқышты жүргізу .....                | бар                 |
| Таймер .....                                         | 10 минут            |
| Корпус материалы .....                               | металл              |
| Жұмыс жылдамдықтарының саны .....                    | 7                   |
| Шу деңгейі .....                                     | < 80 дБ             |
| Дисплей .....                                        | жарықдиодты         |
| Басқару типі .....                                   | сенсорлы            |
| Резеңкеленген түптері .....                          | бар                 |
| Габаритті өлшемдер (ені × биіктігі × ұзындығы) ..... | 365 × 320 × 232 мм  |
| Нетто салмағы .....                                  | 11,8 кг             |
| Электр сымның ұзындығы .....                         | 1 м                 |

### Қол миксері

|                                               |     |
|-----------------------------------------------|-----|
| Тостаған көлемі .....                         | 5 л |
| Шайқайтын саптама .....                       | бар |
| Араластыратын саптама .....                   | бар |
| Қамырды араластыру арналған қондырмалар ..... | бар |

### Алмалы қақпағы бар блендер

|                        |       |
|------------------------|-------|
| Құмыра көлемі .....    | 1,5 л |
| Құмыра материалы ..... | шыны  |

### Алмалы блогы еттартқыштың

|                                                                              |                     |
|------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
| Фаршты дайындауға арналған перфорацияланған дискілер .....                   | 3                   |
| Пышақ / фаршты дайындауға арналған перфорацияланған дискілер материалы ..... | тот баспайтын құрыш |
| Өндірушілік .....                                                            | 1,2 кг/мин дейін    |
| Кішкене шұжықтарға арналған саптама .....                                    | бар                 |
| Кеббені әзірлеуге арналған саптама .....                                     | бар                 |

### Алмалы блогы көкөніс кескішінің

|                      |     |
|----------------------|-----|
| Ұсақ үккіш .....     | бар |
| Орташа үккіш .....   | бар |
| Майдалап турау ..... | бар |

### Жинағы

|                     |        |
|---------------------|--------|
| Асүй машинасы ..... | 1 дана |
|---------------------|--------|

|                                                   |        |
|---------------------------------------------------|--------|
| Тұтқасы бар тостаған .....                        | 1 дана |
| Ыдыс қақпағы .....                                | 1 дана |
| Араластыратын саптама .....                       | 1 дана |
| Шайқайтын саптама .....                           | 1 дана |
| Қамырды араластыру арналған қондырмалар .....     | 1 дана |
| Қақпағы мен қалпақшасы бар блендер құмырасы ..... | 1 дана |
| Еттартқыштың блогы .....                          | 1 дана |
| Иірлік .....                                      | 1 дана |
| Иірме білікке арналған қосалқы төлке .....        | 2 дана |
| Еттартқыштың пышақ .....                          | 1 дана |
| Орнықтырғыш шығыршық .....                        | 1 дана |
| Фаршқа арналған дискіні перфорациялау .....       | 3 дана |
| Кішкене шұжықтарға арналған саптама .....         | 1 дана |
| Кеббені әзірлеуге арналған саптама .....          | 1 дана |
| Итергіш .....                                     | 2 дана |
| Жүктеу арнашығы .....                             | 1 дана |
| Көкөніс кескішінің блогы .....                    | 1 дана |
| Ұсақ үккіш .....                                  | 1 дана |
| Орташа үккіш .....                                | 1 дана |
| Майдалап турау .....                              | 1 дана |
| Рецепт кітабы .....                               | 1 дана |
| Пайдалану жөніндегі нұсқаулық .....               | 1 дана |
| Сервисті кітапшасы .....                          | 1 дана |

Өндіруші осындай өзгерістер туралы қосымша хабарламастан өз өнімін жетілдіру ба-  
рысында оның дизайны, жинағы, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамала-  
рына өзгеріс енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда  $\pm 10\%$  қателікке жол беріледі.

### Аспаптың құрылымы (А1 сурет, 4 бет)

- Негізгі блок
- Еттартқыштың блогын ажырату батырмасы
- Қорғаныс пердешесі
- Муфта
- Алынбалы жүктеу арнашығы бар ыдыс қақпағы
- Саптамалар бекіткіші
- Араластыратын саптама
- Тұтқасы бар тостаған
- Шайқайтын саптама
- Қамырды араластыру арналған қондырмалар
- Қозғалтқыш білік
- Бітеуіш
- Фиксатор

- Дисплейі бар басқару тақтасы
- Саптама индикаторлары
- Жылдамдықты индикаторы
- Жұмыс уақытының индикаторы
- батырмасы — параметрдің мәнін азайту
- ⏻ батырмасы — жұмыстың басталуы/аяқталуы
- + батырмасы — параметрдің мәнін арттыру
- Сорғышы бар негізі
- Электр сымы
- Қалпақша
- Блендер құмырасының қақпақшасы
- Тұтқасы мен өлшеуіш шәкілі бар блендер құмырасы
- Блендердің пышақ
- Кішкене шұжықтарға арналған саптама
- Кеббені әзірлеуге арналған саптама
- Жүктеу арнашығы
- Орнықтырғыш шығыршық
- Фаршқа арналған дискіні перфорациялау
- Еттартқыштың пышақ
- Иірлік
- Иірме білікке арналған қосалқы төлке
- Еттартқыштың блогы
- Саптамаларды сақтауға арналған бөлігі бар еттартқыштың жиналмалы итергіші
- Көкөніс кескішінің итергіш
- Көкөніс кескішінің блогы
- Ұсақ үккіш
- Орташа үккіш
- Майдалап турау

## I. АЛҒАШҚЫ ҚОСАР АЛДЫНДА

Бұйымды орамынан шығарып, барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырма-  
ларды алып тастаңыз.



Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның  
сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!

Тасымалдаған немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында  
кем дегенде 2 сағат бөлме температурасында ұстау қажет.

Құрылғының моторлы блогын ылғалды шүберекпен сүртіп жіберіңіз. Аспапты құрастырар алдында барлық бөлшектері бөлме температурасында толығымен кебуі тиіс. Әзірлеудің алдында еттартқыштың сыртқы және көзге көрінетін ішкі бөліктерінде зақым, жарық және басқа ақау жоқтығына көз жеткізіңіз.

## II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

### Аспаппен жұмыстағы жалпы әрекеттер

1. Аспапты электр желісіне қосыңыз, дыбыстық сигнал естіледі, жылдамдықтың индикаторында және уақыттың индикаторында нөлдік мәндер көрсетіледі.
2. — және + түймешіктердің көмегімен қажетті жылдамдықты тандаңыз, дисплейде сонымен бірге әр жылдамдықта жұмыс істеу үшін ұсынылатын саптамалардың жылдамдығы көрсетіледі. Жылдамдықтың және саптамалардың индикаторы жыпылықтайды.



Әр-түрлі саптамалармен жұмыс жасау жөніндегі ұсынымдар **A10** кестесінде (13 бет) келтірілген. Сондай-ақ жиынтыққа кіретін рецепттер кітабының нұсқауларын орындаңыз.

3. Жұмыс істеу уақытын баптау үшін **U** түймешігін басыңыз, жылдамдықтың және саптамалардың индикаторы жыпылықтауды тоқтатады және үнемі жнатын болады, уақыт индикаторы жыпылықтайтын болады. — және + түймешіктердің көмегімен жұмыс істеудің қажетті уақытын 1-ден 10 минутқа дейінгі диапазонда (7 жылдамдықты таңдағанда 1-ден 2 минутқа дейін) орнатыңыз.
4. Жұмысты бастау үшін қайталап **U** түймешігіне басыңыз, дисплейде уақыттың секундалық кері санағы жүргізілетін болады. Белгеленген уақыт аяқталғаннан кейін аспап жұмысын тоқтатады. 00:00 уақытты орнатқанда дисплейде жұмыс істеудің тікелей секундалық уақыт санағы жүргізілетін болады.



**Аспаптың үзіліссіз жұмыс істеуінің уақыты 10 минутпен шектелген. Қосылулар арасындағы ұсынылатын үзіліс – 10 минут.**

5. Жұмыс процесін тоқтату үшін қайталап **U** түймешігіне басыңыз, жылдамдық индикаторында және уақыттың индикаторында нөлдік мәндер көрсетіледі.
6. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, дисплейдің индикациясы сөнеді.



**Аспаптың құрамына кіретін тостағанды орнатпастан аспапты қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Ет тартқыш пен көкөніс тұрағыштың блоктарын ажыратып, блендердің құмырасын шешкеннен кейін аспапқа қорғаныс пердешесі мен бітеуіш орнатуды ұмытпаңыз.



**Егер блендер және/немесе ет тартқыш блогы пайдаланылмаса, аспапты іске қосар алдында қорғаныш бітеуіштердің орнатылғанына көз жеткізіңіз. Аспапты – муфтасын және/немесе қозғалтқыш білігін жаппастан қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**



**Аспаптың бірнеше көп функциясын бір уақытта пайдаланбаңыз.**

Көпіршіктен кезде азық-түліктің көлемі ұлғаюы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Миксер мен блендерді пайдаланған кезде олардың ыдыстарын жартысынан асырмай толтырыңыз. Өндеуді ең төмен жылдамдықта бастаңыз да, қажетінше жылдамдығын арттырып отырыңыз.

### Миксерді пайдалану

Аспаптың жеткізілім жиынтығына – миксерге арналған үш саптама кіреді:

- шайқайтын саптама кілегейді, жұмыртқаны көпіршітеді, үлпілдек кремдер, мусстар, әр-түрлі десерттер әзірлеуге мүмкіндік береді;
- көпіршітуге араластыратын саптама кремдер, әйнекейлер, сұйық салындылар және тұздықтар әзірлеу үшін пайдаланылады;
- қамыр араластыруға арналған саптама қою ашытқы қамырды илеуге мүмкіндік береді.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Саптамаларын ауыстырмас бұрын аспапты міндетті түрде электр желісінен ажыратыңыз.**

Миксермен жұмыс істеген кезде, жиынтығына кіретін тостағанды ғана пайдаланыңыз. Басқа ыдыс пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Тостағанды қақпақсыз пайдаланбауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Қалың қоспаларды дайындау үшін қондырма-тәжді пайдаланбаңыз, бұл оның сынуына әкелуі мүмкін.

Көпіршітілуге арналған жұмыртқалардың саны үш данадан кем болмауына назар аударыңыз.

Іске қосар алдында орнатылған қондырма ыдысқа жеткеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, өнім мөлшерін ұлғайтыңыз.

Миксерді құрастыру және пайдалану тәртібін **A2** сұлбасында (5 бет) қараңыз.

Негізгі блокты көтеру/түсіру үшін, тұтқышты тірелгенше басыңыз.



**Негізгі блокты түсіргенде мұқият болыңыз, саусақтарды салыңыз!**

Тостағанды орнату үшін, оның дөңестерін аспаптағы ойықтарға келтіріп, сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Ыдысты алып тастау үшін оны сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Қажетті саптаманы таңдап, оны саптама бекіткіштің саңылауына тірелгенше салыңыз да (саптама білігіндегі дөңестер бекіткіштің ойықтарына кіруі тиіс), сағат тілінің бағытымен жайлап бұраңыз. Саптаманы шешу үшін, негізгі блокты ұстап тұрып оны астынан үстіне қарай басыңыз да, сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

### Еттартқыштың пайдалану

Ет тартқышты құрастыру және әр-түрлі саптамалармен бірге пайдалану тәртібін тиісті сұлбаларда қараңыз:

- **A3** (6 бет) фаршты дайындау;
- **A4** (7 бет) кішкене шұжықтарды дайындау;
- **A5** (8 бет) кеббені дайындау (фаршталған кішкене шұжықтар).



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пышақты кескіш жиектерін сыртқа қаратып орнатыңыз. Пышақты дұрыс орнатпау құралдың бұзулуына алып келуі мүмкін.**

Еттартқышқа сүйектер, тері, мұздатылған немесе ірі кесек еттерді салмаңыз. Бұл құралдың қызмет мерзімін қысқартады және бұзылуына әкелуі мүмкін.

**Шұжықшалар әзірлеу үшін** тартылған етті дайындап, шұжықтың қабықшасын 20 минутқа жылы суда сулаңдыр, оны саптама конусына толығымен кигізіп, оның бос ұшын шығаберіс саңылаудан 1-2 см қашықтықта байлаңыз. Тартылған етпен толытырлуына қарай қабықшаны саптамадан шешіңіз. Шұжықшаның қалаулы ұзындығына қол жеткізілгеннен кейін аспапты сөндіріп, қабықшаны шығаберіс саңылау тұсынан байлап кесіңіз. Тартылған еттің қалған бөлігімен осыны қайталаңыз.

**Кеббе әзірлеу үшін** сыртқы қабықшаға арналған тартылған ет пен салынды дайындаңыз. Іші қуыс шұжықшаның саптама саңылауынан шығып тұрған ұшын қысыңыз. Шұжықтың қалаулы ұзындығына қол жеткізілгеннен кейін аспапты сөндіріп, шұжықшаны саптама тұсынан кесіңіз. Шұжықшаны дайындалған салындымен толтырып, оны қысыңыз.

### Көкөніс кескішінің пайдалану

Құралды тазарту және пайдалану ретін тиісті сызбалардан **A6** қараңыз (9 бет).

Көкөніс тұрағыш блогынан саптамаларды алу үшін оны сағат тіліне қарсы сәл бұрап, өзіңізге қарай тартыңыз.

### Блендерді пайдалану

Блендер балаларға арналған тағамның, сергіткіш коктейльдің, көже-езбенің ингредиенттерді уақтайды және бірдей етіп араластырады, майонезін және сұйық қамыр жасауға тағайындалған.

Блендерді орнату, пайдалану және бөлшектеу тәртібін **A7-A8** сұлбасында (10-11 бет) қараңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Іске қосар алдында блендер тоспағанына қақпақ орнатылғанына көз жеткізіңіз, ал азық-түлік беруге арналған тесік қақпақпен жабылған.

Қатты ингредиенттерді тек қана сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін қосып араластыруға болады. Сонымен қатар ұнғақ түрдегі өнімдерді сұйықтық қосып немесе алдын ала онда ерітіп араластыру қажет.

### Қорғаныс жүйелері

- Аспап қозғалтқышты қызып кетуден сақтандыратын жүйемен жабдықталған. Егер аспаптың қозғалтқышы кенеттен тоқтаған болса, аспапты электр желісінен ажыратып, оны толығымен суытып алыңыз. Қажет болған жағдайда аспапты азық-түлік қалдықтарынан тазартып, аспапты қайтадан электр желісіне қосыңыз. Аспап жұмысқа дайын болады.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін, дұрыс құрастырылмаған жағдайда және негізгі блогы көтеріліп тұрған жағдайда аспаптың қозғалтқышы бұғатталады. Егер электр желісіне қосқаннан кейін қуат көзі индикаторы жанып тұрғанымен, аспап қосылмайтын болса, аспапты электр желісінен ажыратып, құрастырудың дұрыстығын тексеріңіз: аспаптың барлық элементтері, бітеуіш және қорғаныс пердеше тірелгенше жақсылап орнатылуы тиіс.

## III. АСПАП КУТІМІ

Бұйымды тазалауға кіріспес бұрын оның электр қоректендіру желісінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспаптың әр-түрлі бөлшектерін тазалаудың ұсынылған әдістері **A9** кестесінде (12 бет) келтірілген.

Аспапты пайдаланғаннан кейін артына оның барлық саптамалары мен бөлшектерін тазалаңыз.



Құралды тазалау кезінде қатты шүберектер немесе губкалар қажақты пасталарды қолдануға **ТЫЙЫМ** САЛЫНАДЫ. Сондай-ақ тамақпен байланысатын заттар үшін қолдануға ұсынылмайтын химиялық агрессивті немесе кез келген басқа заттарды қолдануға болмайды.

Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге **ТЫЙЫМ** САЛЫНАДЫ!

### Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыратуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

| Ақаулық                                                                                    | Мүмкін болатын себептері                               | Жою әдістері                                                                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------|
| Құрал іске қосылмау йтүр                                                                   | Құрал электр желісіне қосылмаған                       | Құралды электр желісіне қосыңыз                                               |
|                                                                                            | Электрлік розетка жұмыс істемейді                      | Құралды жұмыс істеп тұрған розеткаға қосыңыз                                  |
| Қозғалтқыш жұмыс кезінде тоқтап қалды, дисплейде келесі қате туралы хабарлама туындады: E1 | Аспап дұрыс құрастырылмаған, негізгі блок жіберілмеген | Аспаптың барлық бөлшектерінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз              |
| Қозғалтқыш жұмыс кезінде тоқтап қалды, дисплейде келесі қате туралы хабарлама туындады: E2 | Асқын жүктеуден қорғаныс жүйесі іске қосылды           | «Қорғаныс жүйелері» бөлімінің нұсқауларын орындаңыз                           |
| Қозғалтқыш жұмыс кезінде тоқтап қалды                                                      | Қозғалтқыштың қызып кетуден қорғанысы іске қосылды     |                                                                               |
| Аспап шуылдап, дірілдейді                                                                  | Сіз қатты азықты өңдемейсіз                            | Бұл қалыпты жағдай. Өңдеу алдында азық-түлікті кесектеп турауға кеңес береміз |
|                                                                                            | Қамыр тым қою                                          | Бір ас қасық су қосыңыз                                                       |
| Жұмыс кезінде бөгде иіс пайда болады                                                       | Аспап жаңа, иіс қорғаныс жабындысынан шығады           | Аспапты мұқият тазалаңыз. Иіс бірнеше қоспалардан соң кетеді                  |
| Құрылғы өнімді тостағанға араластырмайды                                                   | Тостағанға өнімнің жеткіліксіз саны жүктеледі          | Жүктелетін өнімнің санын ұлғайтыңыз                                           |

| Ақаулық                                                   | Мүмкін болатын себептері               | Жою әдістері                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------------------|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Электр қозғалтқыш жұмыс істеп тұр, бірақ иірме айналмайды | Артық жүктен иірменің адаптері бұзылды | Құрылыс ішкі элементтер қорғанысымен жабықталған. Электр қозғалтқышы мен тегершігін қорғау үшін сүйек немесе шандыр ет түскен жағдайда зақымдалатын, металдан жасалған төлке қолданылады. Төлкені ауыстырыңыз (төлкені ауыстыру бойынша сызбаға қар. А11 сурет, 13 бет) |

**i** Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.



Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com/>

## V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР



\* Стандартты кепілдік мерзімі – 1 жыл. Ұзартылған кепілдік шарттарымен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://warranty.redmond.company/>

Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (пышақтар, фаршқа арналған дискіні перфорациялау және т. б.)

Бұйымның қызмет мерзімі мен оған кепілдікті міндеттемелердің қолданыс мерзімі бұйым сатылған немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылғанда, сатып алынған күнінен бастап 3 жылды құрайды.

*Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Қоршаған ортаға қамқорлық білдіріңіз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.*





Товар сертифицирован в соответствии с Федеральным законом «О техническом регулировании» и соответствует требованиям Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств», Технического регламента Евразийского экономического союза «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники» ТР ЕАЭС 037/2016.

Изготовитель: «Чжухай ИнгЧжи Сервис кампани Лимитед», 51900, 100 Хуа Вей Роуд, Чيانь Шань, Сян Чжоу Дистрикт, Чжухай Сити, Китай.

Импортер в России: ООО «ИЛОТ», 198099, г. Санкт-Петербург, ул. Промышленная, д. 38, к. 2, лит. А.

© РЕДМОНД. Все права защищены. 2026

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

[www.redmond.company](http://www.redmond.company)  
[www.multivarka.pro](http://www.multivarka.pro)  
Сделано в Китае / Made in China

FM615-CIS-UM-7